

А.Н. ДОҒАЛОВ,¹

Э.Ғ.К., доцент.

Н.С. ДОСМАҒАНБЕТОВ,¹

экономика магистрі.

Б.О. ҚАЙРАНБЕКОВ,¹

Э.Ғ.К., доцент.

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті¹

МҰСТАФА ШОҚАЙДЫҢ 1929–1933 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАҒДАРЫСТЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аңдатпа

Мұстафа Шоқайдың 12 томдық туындысының жарық көруі, біздің пікірімізше, Қазақстанның экономикалық ілімдер тарихын маңызды түрде байыта түсуіне мүмкіндік береді. Алаш қозғалысының негізін қалаушылардың бірі және КСРО аумағынан тыс жерде кеңес билігіне деген қазақ оппозициясының көшбасшысы ретінде, ол өзінің қоғамдық-саяси қызметтері мен талдамалық зерттеулерінде жалпы әлемдік кеңістікте және әртүрлі құрлықтағы жекелеген елдердің сол уақыттарда орын алған саяси-экономикалық үдерістеріне маңызды түрде көңіл бөлген. Мұстафа Шоқайдың көңіл аударатын зерттеулерінің ортасында нарықтық экономикалық жүйесі бар мемлекеттерде экономикалық дамудың тұрақсыздығынан туындайтын әлеуметтік-экономикалық мәселелер, экономикалық циклдің әртүрлі кезеңдеріндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси үдерістердің өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігі болды. Экономикалық дағдарыстар, тоқыраулар және стагнациялар кезеңінде жұмыссыздар саны маңызды түрде көтеріліп отырады, нақты еңбекақы төмендейді және сәйкесінше, халықтың негізгі бөлігін құраушы – жұмысшылар қауымының әлауаттылығы нашарлайды. Ұсынылып отырған мақалада зерттеушінің «Германиядағы қаржылық дағдарыс» және «Ағылшын дағдарысы» деп аталатын екі ғылыми еңбегі қарастырылған. Авторлар талдау негізінде осы мемлекеттердегі қаржы-экономикалық дағдарыс жағдайында жалпы және айрықша атап өтті. Қорытынды бөлімде М. Шоқайдың қазіргі кезеңдегі экономикалық цикл проблемалары бойынша Қазақстан Республикасының экономикалық ғылымының дамуына қосқан үлесіне баға беріледі.

Тірек сөздер: экономикалық дағдарыс, жұмыссыздық, жәрдемақы, қаржылық дағдарыс, жұмыссыздық, жәрдемақы, кредит, метрополия, ақшалай көмек, экономикалық цикл.

Алыс шетелде көшіп-қонып, құғын-сүргінге ұшыраған және қазақ халқы мен Алаш партиясының мүдделерін жақтаған Мұстафа Шоқай (1886–1941 жж., Санкт-Петербург университетінің заң факультетінің түлегі, атақты мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, журналист) ХХ-ғасырдың 20–30-шы жылдарында Батыс Еуропа елдерінде орын алған саяси, әлеуметтік және экономикалық үдерістерге маңызды түрде қызығушылық танытты.

Оның экономикалық мәселелер бойынша ғылыми ізденістері мен жарияланған еңбектерінің ішінен ерекше орынды ХХ ғасырдағы ең ауыр және ең ұзаққа созылған әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс – «Ұлы тоқыраудың» (1929–1933 жж.) себептері мен салдарларын зерттеу алады. Осы мәселе бойынша, оның бірнеше ғылыми еңбектері жарияланды, енді, солардың ішінен екі талдамалы мақаласын атап өтуге болады:

«Алманиядағы қаржылық дағдарыс» (1931 ж.);

«Ағылшын дағдарысы» (1931 ж.).

Осы ғылыми еңбектерінде, Мұстафа Шоқай, Батыс Еуропадағы ең ірі және ең қуатты экономикалық өрлеу жолындағы елдер – Алмания мен Ұлыбританияның 1929–1933 жылдардағы қаржылық-экономикалық дағдарыстарының жалпылама сипаттары мен айрықша ерекшеліктерін зерттей отырып, оның алғашқы кезеңіне баға береді. Себебі, бірінші дүниежүзілік соғыста Ұлыбритания жеңіп шыққан елдер қатарында, ал Алмания жеңілген елдердің қарамағында болғандықтан, олардың экономикалық жағдайларына деген осындай қызығушылық туындайды.

«Алманиядағы қаржылық дағдарыс» мақаласында, ол былай деп жазады: «соғыстан соңғы бастан кешіріп отырған құбылыстардың арасында Алманиядағы қаржы дағдарысы

бүгінгі күннің ең басты оқиғасы болып отыр. Тұрмыста экономика мен саясаттың мұншама тығыз байланысты екенін көрсететін мұнан басқа мысалды табу қиын-ақ. Дүниежүзілік соғыста Алмания ғасырымыздың ең ұлы және ең алдыңғы елдері – Англия, Америка жән Францияларға қарсы соғысты. Қазіргі Алманияның қаржы дағдарысы осы жауласқан елдеріне көп байланысты» [1, б. 204].

Оның айтуынша, статистикалық мәліметтерге қарағанда, Алманияға салынған инвестицияның 60 пайызы Америкаға, 35 пайызы Англияға тән болып, француздардың үлесіне небәрі 5 пайызы ғана тиеді. Осы алынған мәліметтердің төркініне қарағанда, Америка мен Англия қаржысының көбісі Франциядан шыққан көрінеді. Ағылшындар мен америкалықтар Франциядан аз пайызбен ақша алып (4–5 пайыз), оны алмандарға 8–10 пайызбен беретінге ұқсайды.

Бұл келтіріліп отырған дәлелдер осы аталған мемлекеттердің өз арасындағы қаржы және экономикалық байланыстарды көрсету үшін ғана емес, Алмания бастан кешіріп жатқан қазіргі қаржы дағдарысы кезінде саяси мәселенің, әсіресе, Франция мен Алмания арасындағы саяси мәселенің атқаратын рөлін көрсету үшін де қажет.

Сонымен қатар, ол соғыста жеңілген Алмания аумағының 12 пайызынан және 6 миллион тұрғындарынан айрылды. Бұдан басқа Азия мен Африкадағы 31 миллион тұрғыны бар отарларынан да жұрдай болды. Оның үстіне тағы алмандар жеңген елдерге (1921 жылғы құн бойынша) 132 миллиард алтын марка реставрация үшін төлеуге мәжбүр болды. Бір жыл өткенде Алмания мұндай ауыртпалықты көтере алмайтыны белгілі болып қалды. 1922–1923 жылғы дағдарыс туды деп айтады.

Мұстафа Шоқай, Алманияның қаржылық жағдайы жөніндегі 1921–1930 жж. Статистикалық материалдардың орасан зор көлемін қарап шығып, оған талдау мен синтез, индукциялау мен дедукциялау және тарихи және логикалық әдістерін қолдана отырып, егер неміс экономикасы біршама қысқа мерзім ішінде, яғни, 1922–1923 жж. аралығындағы экономикалық дағдарыстан шыққан болса, ал, 1929–1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыстан, тамыры өте тереңге жайылған және ұзаққа созылған қолайсыздық әсерінен, дағдарыс құрсауынан бұрынғыша оңай құтыла алмады деп, тарихи және ой-саналық талдау жасайды. Бұл жағдай, оның ойынша, елдің экономикалық және қаржылық мәселелерін өте қиын жағдайға әкеліп тіреді.

Осы басталған әлемдік экономикалық дағдарыс, 1924–1928 жж. экономикалық өркендеуде біршама жетістіктерге жеткендігіне қарамастан, Алманияның экономикасын айтарлықтай әлсіретті. Мысалы, 1929 жылдың өзінде-ақ жұмыссыз немістердің саны 3 млн адамнан асып кетсе, ал, 1930 жылдың қарашасында, олардың саны 4 млн адамға жуық болды. Жұмыссыздарға көрсетілетін жәрдемақы қыруар ақшаны жалмап жатты. Зерттеушінің ойы бойынша, Алманияның қаржылық дағдарысын қиындата түскен ең басты экономикалық себептерінің бірі, ол, Францияның «маршруттық емес» деп аталатын қарыздарын («реставрация борышы») өтеуге қосымша мерзім беруден тікелей бас тартуы болып саналады.

Франция осы қарыздың кешіктірілуіне қарсы болды. Француздар алман төлемдерінің бір бөлігін «Халықаралық ұйымдар банкісіне» салып, артынан бұл ақшаларды Алманияға ретінде қайта беру туралы ұсыныс жасады. Осылай еткенде «реставрация борышын» тоқтатпау шарты орындалған болар еді. Францияның осы ұсынысы Америка өкілдерімен екі апта бойы жүргізілген келіссөздер нәтижесінде қабылданды.

Алайда бұлардың бәрі Алмания душар болған ауыр дағдарысты жеңілдетуге көмектесе алмады.

Мұстафа Шоқай көреген стратег ретінде, өз зерттеулерінде, осы уақыттарда кейбір саяси құбылыстардың орын алғандығын жазады. 1930 жылғы сайлау солшыл радикалдарды (ұлттық социалистер-гитлершілдер) тым күшейтіп жіберді. Коммунистер жандана бастады. Республиканың негіздеріне қарсы сұрапыл насихат өрістеді. Соғыс кезінде әскерде болғандардың одағы – Шталһалелім – Франция және Польшаларға қарсы ереуілдерге гитлершілдер мен шталһалелімшілдер Версаль шартының күшінен қалдырылуын, Алманияның соғыста айрылған аумақтарының қайтарылуын, барлық қарыздардың төленуін тоқтатуды ашықтан-ашық талап етті.

Ел өмірі буырқана бастады. Алманиядағы қазіргі жүйенің беріктігіне шетел инвесторының күдігі күшейді.

Автор көрсеткендей, Алманиядағы ауыр қаржылық-экономикалық шиеленістер, неміс басшыларын Франция, Ұлыбритания және басқа да өркендеген елдермен бәсекелестік күреске түсу үшін, Еуропадан жаңа одақтастар іздеуге итермеледі. Сондықтан да 1930 жылы наурыз айында Алмания мен Австрия арасында соған сәйкес «Гомрок одағы» деп аталатын әскери-саяси одақ («Аншлюс») құрылды. Алманияның көршілері Франция мен Чехословакия бұл одақтан өте-мөте үрейлене бастады. Олар бұл одақ екі елдің саяси одағына айналып кетуінен, яғни Алманияның тез арада күш алып кетуінен қорықты.

Өрі қарай, Мұстафа Шоқай құрлықтағы көшбасшы еуропалық елдер (Франция мен Алмания) арасындағы келісімге келтірмейтін саяси-экономикалық қайшылықтардың, қауіпті де және келісімге келе алмайтын қарсылас ретіндегі орыс большевиктері мен Еуропадағы большевиктер қозғалысы үшін таптырмайтын нағыз керек жағдайлар екенін меңзейді.

Автор, өзінің мақаласының қорытынды бөлігінде, былайша ой тастайды, Алманиядағы қаржылық дағдарыстан көретініміз, қаржылық дағдарысқа, тек, саясат қана белгілі бір ықпалын тигізбейді, сонымен қатар, қаржылық дағдарыстың өзі де, соған сәйкес, мемлекеттегі саяси шешімдерді қорытып шығаруға маңызды ықпал жасайды [1, б. 209].

«Ағылшындық дағдарыс» мақаласында Мұстафа Шоқай әлеуметтік-экономикалық қатынасы жағынан әлемдегі ең қолайлы ел – Англияның өзі де, қазіргі кездегі экономикалық дағдарыстың келеңсіз салдарларына ұрынды. Бұл мәселенің бұлайша тереңдеуі, бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін, елде жұмыссыздар легі белең алып, ағылшындық өнеркәсіп түрлері құлдырау сатысында тұрғандықтан, оның ойынша, толассыз өсу үстіндегі жұмыссыздықты тоқтатуға елдің шамасы жетпеді деп жазады.

1929–1933 жж. басталған экономикалық дағдарыс, бүкіл әлемде және жекелей алғанда Англияда да, зерттеушінің ойынша, бірінші дүниежүзілік соғыс зардаптарының әсерінен белгілі бір дәрежеде әдейі өршітілген. Автордың мұндай нақтылы сеніммен түсіндіруіне, бәрінен бұрын, Ұлыбританияның бүкіл әлемдегі бұрынғы отар елдерінің көпшілігінен айырылуы және осы жағдайдың, осы аумақтарда өз тауарларының кең көлемде нарықтық саудаға түсуіне көп залал келтіргені себеп болған. Сонымен қатар, осыған орай, басқа елдердің – Жапония, Қытай, Канада, Оңтүстік-Африкалық Одақ, Австрия және өзге де елдердің нарықтарындағы ағылшындық тауар сатылымдары позициясының әлсіреуі де әсер етті.

Екіншіден, автор, басқа да отарлаушылық езгісінде қалған (Үндістан, Австралия, Канада) елдердегі нақтылы ақпараттарды сараптау негізінде, олардың шамалы да болса экономикалық өсімдері барын байқайды, әсіресе, өндірісі өркендеген 20-шы жылдарда. Бұл, өз кезегінде, сол аймақтардағы ұлттық нарықтардан ағылшындық тауар шығарушыларды біртіндеп ығыстыра отырып, өздері жағынан бәсекелестікті қиындатты.

Үшіншіден, тауар шығару нарығының біршама жоғалуы, Ұлыбританиядағы жұмыссыздар санын тез арада ұлғайтты. Мысалға, 1925 жылдан бастап 1931 жылдың қаңтары аралығында жұмыссыздар саны біршама өсті және автордың есебі бойынша 2 есеге ұлғайған [2, б. 222].

Міне, осындай жұмыссыздар санының күрт көбеюі де, Англияның мемлекеттік қаржы қорына өте ауыр тиді, өйткені, оларға, енді, жұмыссыздарға жәрдемақы төлеу бойынша арнайы жарақталған қордан ақшалай көмек берілді. Осындай төлемдерді жұмыссыздардың отбасы мүшелері де алатын болды. Ақшалай жәрдем, сонымен қатар, жұмыс күндері толық емес жұмыскерлерге де төленді.

Англиядағы 2,5 миллионнан астам жұмыссыздарға жалпы төленетін жәрдемақылар бойынша, төлемдердің барлық жүзеге асырылған көлемі 84 миллион лирді құрайды, ал, жоғарыда айтылған қаржылық қордың төлей алатын мүмкіндігі, осы айтылған кезеңге 44 миллион 550 мың лирден артық емес еді. Мемлекеттік кіріс, осыншама мөлшердегі жинақталған жәрдемақыны төлеуге шамасы келмейтін жағдайда болатын [2, б. 223].

Бұрындары өз ақшалары (фунт стерлинг) әлемдік халықаралық сауданың жартысына қызмет еткен Англия, жұмыссыздарға төленетін жәрдемақылар көлемінің осыншама жиналып қалуына байланысты, енді, несиелік қарыз алу үшін Америка Құрама Штаттары мен Франция Үкіметтерінен көмек сұрауға мәжбүр болды. Әйтседе, алынған кредиттерін өз уақытында қайтаруға тиіс еді. Сондықтан, Макдональдтың басқаруындағы ағылшын үкіметі, ары қарай Мұстафа Шоқай айтқандай, алынған несиелік қорларды жинақталып қалған тапшылықтан құтқаратын олжа деп қарастырмады және осы бір ауыр және өте қиын болайын деп тұрған қаржылық-экономикалық мәселенің басқа да жаңа жолдар табу үшін бірнеше жұмыс комиссияларын құрды.

Комиссия әртүрлі әлеуметтік-экономикалық шараларды ұсынды, соның ішінде, жұмыссыздардың жеке санаттарына төленетін жәрдемақылардың да мөлшерін азайтты. Осы мәселені шешудің ұсынылған нақтылы жолдары, Англия Үкімет мүшелерінің арасында да біршама дау туғызды, соның нәтижесінде, оларды жаппай жұмыстан кетуге алып келді, енді, оны, мақаланың авторының өз ойымен айтар болсақ, экономикалық дағдарыс, енді, саяси дағдарысқа ұласты.

Ары қарайғы еңбектерінде, 1927 жылғы Англиядағы парламенттік сайлау науқаны кезіндегі ішкі саяси қарбаластар жөнінде айтылады, онда, зерттеуші, кездесетін нақтылы материалдардың негізінде, жеңген саяси күштерді көрнекі түрде ашып көрсетеді, олар, кейбіреулерінің қысқа партиялық көзқарастарымен салыстырғанда, ағылшындық жалпы ұлттық идеяларға сүйенген болатын және олар, жұмыссыздарға жәрдемақы төлеу жөніндегі арнайы қорланып қалған тапшылықты жою жөніндегі, іске асыруға әбден болатын шаралардың үлгілерін ұсынды.

Мұстафа Шоқай өзінің талдамалы зерттемелерін қорыта келіп, былай дейді, Англиядағы бірлескен мемлекеттік ұлттық идеяның социалистіктен асып түсіп, жеңіске жетуі, барлық адамзатқа, соның ішінде, түрік тілдес халықтардың өкілі ретінде бізге де бағалы сабақ болуға тиісті [2, б. 225].

Осының барлығы оның қазақ халқының өзінің тәуелсіздігін, егемендігін алудағы және Ұлы далада тәуелсіз және егемен мемлекетін құрудағы нық сенімі туралы айғақтайды. Алпыс жылдан кейін оның өз халқының және отанының тағдыры туралы керемет және мызғымас болжамы орындалды. Әлемнің картасында тәуелсіз және егемен мемлекет – Қазақстан Республикасы пайда болды.

Мұстафа Шоқайдың «Алманиядағы қаржылық дағдарыс» және «Ағылшындық дағдарыс» мақалаларының мазмұны оның әлемдік масштабта жалпылай алғанда және жекелеген мемлекеттерде жеке алып қарағанда, саяси-әскери үдерістермен тығыз байланысқан, қаржылық-экономикалық даму мәселелері саласындағы аса жоғары және терең ғылыми-зерттеушілік деңгейі туралы айғақтайды.

Экономика және қаржы, сондай-ақ нақты саяси оқиғалар саласындағы шынайы және статистикалық деректерді талдау негізінде, ол белгілі теориялық қорытындылар мен ұсыныстар келтіреді. Осының барлығы Мұстафа Шоқайды көрнекті ғалым, экономист-теоретик ретінде сипаттайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мұстафа Шоқай. Алманиядағы қаржы дағдарысы. Таңдамалы. Т. 1. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.
- 2 Мұстафа Шоқай. Ағылшын дағдарысы. Таңдамалы. Т. 1. – Алматы: Қайнар, 1998. – 512 б.

Аннотация

Публикация 12-томного издания трудов Мустафы Шокая, на наш взгляд, позволит значительно обогатить историю экономической мысли Казахстана. В своей общественно-политической деятельности и аналитических изысканиях, он, один из основателей движения «Алаш» и лидер казахской оппозиции к советской власти за пределами СССР, уделял значительное внимание социально-экономическим процессам, происходившим в тот период на мировом пространстве в целом и в отдельно взятых странах различных континентов. В центре внимания исследования Мустафы Шокая всегда были социально-экономические проблемы, возникающие из-за нестабильности экономического развития в государствах системы рыночной экономики, взаимозависимость и взаимообусловленность социально-экономических и политических процессов на различных стадиях экономического цикла. В период экономических кризисов, рецессии и стагнации значительно увеличивалось количество армии безработных, снижалась реальная заработная плата и, соответственно, ухудшалось благосостояние основной части населения – трудящихся масс. В статье рассмотрены две научные работы исследователя: «Финансовый кризис в Германии» и «Английский кризис». Авторами на основе анализа отмечены общее и особенное в условиях финансово-экономического кризиса в данных государствах. В заключительной части дана оценка вклада М. Шокая в развитие экономической науки Республики Казахстан по проблемам экономических циклов на современном этапе.

Ключевые слова: экономический кризис, безработица, пособия, кредит, метрополия, денежная компенсация, рынок, экономические циклы.

Abstract

The publication of the 12th volume edition of the previously unpublished works of Mustafa Shokay, in our opinion, will significantly enrich the history of economic thought in Kazakhstan. In the socio-political activities and analytical researches, he, one of the founder of Alash movement and the leader of the Kazakh opposition to the Soviet government outside the USSR, paid considerable attention to the socio-economic processes that took place in that period in the world area, and in countries of various continents in particular. The socio-economic problems arising from the instability of economic development in the state of market economy system, interdependence and intersectionality of socio-economic and political processes, at different stages of the economic cycle, have always been the focus of attention on the study of Mustafa Shokay. During the period of economic crises, recession and stagnation, the number of unemployed army increased significantly, the real wages decreased, and accordingly, the deterioration of the welfare of the majority of the population-the working masses. In the presented article, two scientific works of the researcher are considered: "The financial crisis in Germany" and "The English crisis". The author, in his writings on the basis of analysis, notes the general and the particular in the actions of the financial and economic crisis in these states. In the final part, an assessment of his contribution to the development of the economic science of the Republic of Kazakhstan on the problems of economic cycles at the present stage is given.

Key words: economic crisis, unemployment, allowance, credit, metropolis, monetary compensation, market, economic cycles.